

**"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы"
Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 12 сәуірдегі N 38 Заңы

1. "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 17-18, 243-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 59 және 60-тармақтармен толықтырылсын:

"59. Сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі саласындағы инженерингтік қызметтер көрсету - оңтайлы жобалық көрсеткіштерге қол жеткізу мақсатымен құрылыштың әзірлігін және жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін қызметтер кешенін

көрсету.

60. Техникалық қадағалау - жобаны іске асырудың барлық сатысында орындалған жұмыстың сапасын, мерзімін, құнын, қабылдан алынуын және объектінің пайдалануға берілуін қоса алғанда, құрылышты қадағалау.";

2) 3-баптың 2-тармағы 9) тармақшасындағы "жүзеге асыру болып табылады." деген сөздер "жүзеге асыру;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен

толықтырылсын:

"10) инженерингтік қызметтерді тарту және көрсету болып табылады.";

3) 6-баптың 4-тармағы 3) тармақшасындағы "ғимараттар жатады." деген сөздер "ғимараттар;" деген сөзben ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен

толықтырылсын:

"4) мүгедектердің тұруына, келіп-кетуіне және жұмыс істеуіне арналған үй-жайлар мен ғимараттар жатады.";

4) 19-бап мынадай мазмұндағы 16) және 17) тармақшалармен толықтырылсын:

"16) сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі саласындағы инженерингтік қызметтер көрсету ережесін бекітеді;

17) бюджет қаражатынан қаржыландырылатын жобалар бойынша инженерингтік қызметтер көрсету жөніндегі ұйымдарды тарту тәртібін белгілейді.";

5) 20-бап мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

"6-1) объектілер құрылышына техникалық қадағалауды жүзеге асыру ережелерін әзірлеу және бекіту;"

6) 6-тaraу мынадай мазмұндағы 34-1-баппен толықтырылсын:

"34-1-бап. Техникалық қадағалау

1. Мемлекеттік қабылдау комиссияларының пайдалануға қабылдануына жататын объектілердің құрылышы кезінде міндепті түрде техникалық қадағалау жүзеге асыруға тиіс.

2. Техникалық қадағалауды тапсырысшы объектілер құрылышына жобалық-сметалық құжаттамада көзделген қаражат есебінен шарт негізінде инжинирингтік қызметтер көрсету жөніндегі ұйымдарды тарта отырып, қолданыстағы нормативтерге сәйкес жүзеге асырады.

3. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері (тапсырысшылар) бюджет қаражатынан қаржыландырылатын жобаларды іске асыруға техникалық қадағалауды жүзеге асыру үшін нарықта әрекет ететін инжинирингтік қызметтер көрсету жөніндегі ұйымдарды тартуға құқылы.".

2. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК